

қолданылады[2].

Мен өзім бұл бағдарлама арқылы география пәнінен электрондық оқулық жасау үстіндемін. Себебі бұл бағдарламаның арқасында мен әлемнің жер қыртысын, материктер мен мұхиттардың бейнесін анимация арқылы жасап, оқушыларға қызықты етіп жеткізуге мүмкіндік береді, себебі құрастырылған анимациялардың арқасында оқушылар берілген тақырыпты тек теориясын ғана біліп қоймай, сонымен қатар ойша визуалды түрде елестете алады. Сабақ өту кезінде түрлі контурлық карталарды қағаз түрінде емес, электронды түрде көріп, сол бойынша тапсырмаларды орындайды.

Біздің мақаламызда біз флештің көмегімен әлемдегі мұхиттар мен материктерді қалай ажыратып білуге және оқушылар, осы тақырып бойынша білімдерін қалай бекіте алатындарын білеміз. Яғни жоба ішінде әр тақырып өткен сайын, оқушыларға тақырыпқа сәйкес тапсырмалар орындайды. Мысалы материктердің орналасуын дұрыс табу, әр материктің табиғаты, ауа райы қандай екенін теңестіру арқылы табулары қажет болады. Мұхиттардың түрлерін, судың құрамын, өткен заманмен қазіргі кездегі өзгерістерін, алмасу себептерін, осы материктер мен мұхиттардың ашылуына себепшіл географтар туралы көп әрі нақты ақпараттарды алып, білімдерін бекіте алады. Сонымен қоса мектеп бағдарламасында жоқ, бұл география пәніне қатысты қызықты ақпараттарды енгізу керек. Себебі оқушылардың ой өрісі тек мектеп бағдарламасымен шектеліп қалмай, жан-жақты дамыта білуіміз қажет.

Менің ойымша қазіргі таңда біз жаңа технологияларды толығымен қолданып жүрген жоқпыз, ол үшін көп еңбектеніп, оқу керек. Жалпы білімді ұрпақ өсіру бұл тек еліміздің талабы емес, бұл табиғи болатын дүние жүзінің талабы. Яғни біз заман талабына сай оқыту құралдарын жасау үстіндеміз. Басқада дамыған елдерден қалыспай, өз жаңаша идеяларымызды тауып, әлемге танытамыз.

Қорытындылай келсек, заман талабына сай бізде қалыспай, жоғары деңгейге жету үшін жан-жақты оқып, жаңашыл бағдарламаларды оқу процестерін қолдануымыз қажет. Оқушылардың оқуға деген ынтасын көтеріп, болашақта білімді ұрпақ өсіру біздің ен басты мақсатымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Беркімбаев К.М., Сарыбаева Ә.Х. Электрондық оқулық – болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру құралы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2008, №4 (24). –Б.49-54.
2. Жадаев Г., Борис Г. 100% самоучитель macromediaFlashMX:– М. : ТЕХНОЛОДЖИ - 3000, 2011. — 544 с.

ӘОЖ 373.5.016:004

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫСЫ

Өтеп Айгерім Нұржанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «бМ011100-Информатика»

мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Альжанов А.К.

Информатиканы оқыту процесін сапалық басқару мәселесін қарастырғанда, оқыту мақсатына, оқыту барысындағы процесске және оқыту қорытындысына аса көңіл бөлу қажет. Оқыту процесінің сапалығы, ұйымдастырылған оқу процессіндегі оқу және білім беру қызметінің өзара қарым – қатынасынан құралады. Оқу сапасы алдымен, білім берудегі тәжірибенің жеткіліктілігі, тез қабылдағыштық, нақтылық, жүйелілік, беріктілік сияқты білім беруге тән жүйелік қалыптастыру қабілеттілігін қамтамасыздандырумен анықталады. Демек, оқыту сапалылығы, бұл – белгілі бір деңгейдің жоспарланған мақсатпен сәйкестігі, логикалық, физикалық білімнің айқын дәрежесі. Жалпы айтқанда, оқушылардың білімінің

қорытындысы мен қойылған мақсаттардың орындалуымен сәйкес келуі.

Мектептегі информатиканы оқытудың негізгі міндеті – ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процесстерін меңгеру, оқу барысында кейіннен қызмет ету саласында да өзін - өзі көрсету, дамыту құралы ретінде компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін үйрету болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру нәтижесінде оқушылар ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдерін игеріп, қазіргі әлемнің информациялық бейнесін жасауға қол жеткізетін деңгейге көтеріле алады. Оқушылардың білімі тереңдеп, өрістері кеңейген сайын олар одан кейінгі оқуын жалғастыру мен еңбек етуге жақсы даярланып шығатын болады. Бірақ ақпараттық технологиялардың жедел дамуына орай осы пән көлемінің тұрақты түрде ұлғайып отыруына және оқыту сағаттарының жетіспеуіне байланысты бұрынғы білім беру аясында шешуге болмайтын мәселелер туындап келеді. Осы мәселе оқытылатын мәлімет көлемі мен оған бөлінетін сағаттар арасындағы сәйкессіздікке аса назар аударуға негіз болып отыр. Бұл қайшылықты шешуге мүмкіндік беретін бір тәсіл – оқытуға керекті сағат санын арттырмай – ақ, күннен күнге ұлғайып отырған ақпарат көлемін игеруге мүмкіндік беретін сапалық білім басқару технологияларын енгізу болып табылады. Ғылыми әдебиетте оқыту сапалылығы оның басқаруымен тікелей байланысты. Басқару деп отырғанымыз, анықтаулардың бөліктерге бөлінгеніне қарамастан, оқытушылардың ғылыми тәжірибелерінің көмегімен сапалық біліммен, қойылған мақсаттарға жетуі [431].

Сапалы білім беру үшін, ең алдымен сапалы оқыту процесін басқарудың құрылысына тоқталсақ:

- Оқыту процесінің мақсаты кең ауқымды болуы керек, яғни ол педагогикалық технологияны пайдалану;
- Тақырып бойынша жеңілдетілген деңгейдегі және білім стандартының талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмалар жүйесін ұсыну;
- Оқушылардың пәнге қызығушылығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған шығармашылық сипаттағы материалдар негізінде оқыту;
- Оқытудың нақты нәтижелері тізбегін құру. Оқушылардың білім, білік, дағдыларын тексеруге тестілер – диагностикалық (тексеру) және бақылау (қорытынды) жұмыстарын әзірлеу.

Сапалық оқыту процесін басқарудың оқу материалын баяндау формаларына тоқталсақ:

- визуалдық лекция, мұнда тақырыптың негізгі мазмұны бейнелі түрде – сурет, сұлба, сызбалармен ұсыну;
- лекция-консультация (кеңес), оқу мазмұны оқушылардың сұранысы (сауалдары) бойынша жапсарлас пәндердің материалдарын қоса беру;
- проблемалық лекция, мұнда бірнеше қарама-қайшы теориялық тұжырымдамалар ұсыну.

Лекция нақты ойластырылып, қисынды түрде және бірізділікпен, түйінін және қорытындысын шығара отырып:

- түсінікті және айқын тілмен баяндалғанда;
- әртүрлі көрнекілік және техникалық құралдар пайдаланылғанда, міндетті түрде жазылып, соңында негізгі ұғымдары мен сәттерін айқындайтын қорытынды әңгімелесу жүргізілгенде ғана неғұрлым нәтижелі болады [161].

Жаңа оқыту технологияларын пайдалану аясында информатика пәнін оқытуды жетілдіру, яғни әрбір оқушының өз ерекшеліктеріне, ынтасына, мүмкіндіктеріне орай білім алуын қамтамасыз ететін оқыту жүйесін жасауға ұмтылу ең басты мақсат. Осы міндеттерді атқару үшін жоғарыда айтылғандай, оқушының жеке білім алуға талпынуын, ұжымдық қасиеттерін де жетілдіретін, өзінің білім алу жолын өзі басқаратындай деңгейге жеткізетін бірнеше педагогикалық технологиялар пайдаланылып отыр. Керекті технологиялар мен әдістемелер оқушының дайындығына, жасына және қарастырылатын пән бағдарламасының

бөліміне қарай таңдалып алынады. Мысалы, жобалар тәсілі Power Point, Front Page, Access және Word офистік программаларын оқып үйрену кезінде тамаша нәтижелер береді. Ойындық элементтері араласқан “Модульдік оқыту тәсілі” программалау тілдерін оқыту кезінде жақсы нәтиже береді [56]. Информатиканы дербес компьютерде жұмыс істемей игеру мүмкін емес. Оқушылардың компьютерде өзіндік тапсырмаларды орындап, жеке жұмыс істеуі тиімді түрде өтуі үшін әр түрлі деңгейдегі тапсырма карточкалары мен үйрету карточкаларының көлемді базасы болу керек. Осы карточкалық базаларды тұрақты түрде пайдалану оқушылардың шығармашылық белсенділігін, өзін - өзі бақылауын арттырып, практикалық жұмыстардың да санын көбейтуге мүмкіндік береді. Ол оқушылардың білім сапасын жетілдірудің негізі деуге болады. Сабақтарда тесттік тапсырмаларды пайдалану да жақсы нәтижелер береді. Тесттерді тұрақты пайдалану мен информатикалық диктанттар өткізу, білімді жүйелі түрге келтіру салдары білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Оқытушы әр түрлі тақырыптар бойынша көптеген тесттер дайындайды. Мысалы, программалау тілін оқытуда сабақ алдында минитест жасап, ары қарай соның қателерін талқылап отырады. Тесттер қағазда немесе электрондық түрде беріледі. Өтілген материалдарды бекіту үшін минитесттерден бөлек кроссвордтар пайдалануға болады. Кроссвордтар – негізгі ұғымдарды, ережелерді есте сақтауға, ал минитесттер – оқушылардың алған білімдерін жүйелі түрге келтіру мен оларды тереңдету мақсатында қолданылады. Соңғы бақылау кезінде электрондық тест өткізу жақсы нәтижелерді береді, оқушыларды екі немесе одан да көп командалар қатысатын ойын тесттері ой-өрісін дамытып қызығушылығын арттырады [178].

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру, жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қорыта келгенде, информатиканы оқыту процесін сапалық басқару технологиясы негізінде жетілдіру үшін болашақ мұғалімдерді даярлауға жоғары оқу орындары төмендегідей жұмыстар атқаруға тиісті:

- Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;
- Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, білім саласын басқарудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалана отырып, жоғары білім беру жүйесін жаңарту;
- Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;
- Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесінен дамыта оқыту жүйесіне көшу. Оқыту үрдісінде оқушы шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалану [63].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики: Учеб. пособие. - Мн.: Выш. шк., 1998 [431]
2. Ершов А.П. Информатика: предмет и понятие //Кибернетика. Становление информатики. - М.: Наука, 1986 [161]
3. Леднев В.С. Содержание образования: сущность, структура, перспективы. - М.: Высшая школа, 1991 [56]
4. Михалевич В.С, Каныгин Ю.М., Гриценко В.И. Информатика - новая область науки и практики //Кибернетика. Становление информатики. - М.: Наука, 1986 [178]
5. Методика преподавания информатики и вычислительной техники /Программы педагогических институтов //Сост.: В.М.Заварыкин, В.Г.Житомирский, М.П. Лапчик, В.И.Ефимов. Отв. ред. В.М.Монахов. - М.: Минпрос СССР, 1987 [63]